

«Келісемін»  
Атырау облысы ББЖҰ ҚБ-нің  
тәрбиесі  
атқарушы хатшысы  
\_\_\_\_\_ М.Қанатова  
«\_\_» \_\_\_\_\_ жыл

«Бекітемін»  
Атырау аймақтық дене  
және спортты дамыту  
орталығының директоры  
\_\_\_\_\_ С.Жекенов  
«\_\_» \_\_\_\_\_ жыл

## Әскери-патриоттық клубтардың облыстық көрме –сайысының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже әскери-патриоттық клубтарының облыстық көрме-сайысының (бұдан әрі – Облыстық көрме-сайысы) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруды анықтайды.

1.2. Облыстық көрме-сайысының мақсаты:

- оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылықтарын насихаттау;
- зеттеу және рационализаторлық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- облыс бойынша мектептерде шығармашылық әлеуеті бар дарынды балаларды, жас техниктердің үздік жұмыс тәжірибесін анықтау және насихаттау.

1.3. Облыстық көрме-сайысының міндеттері:

- білім берудің инновациялық технологиялары бойынша оқушылар мен оқытушылардың арасында тәжірибе алмасу үшін қолайлы орта құру.
- балалардың техникалық шығармашылығы, инженерлік ғылымдар, бағдарламалау саласында оқытушылардың біліктілігін арттыруда көмек көрсету.

1.4. Әділ қазылар алқасының құрамын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы қалыптастырады.

### 2.Өтетін орны мен уақыты:

Көрме- сайысы Атырау қаласы № \_\_\_\_\_ орта мектеп базасында \_\_\_\_\_ жылдың

\_\_\_\_\_ күні сағат \_\_\_\_\_ - де басталады.

Сайысқа қатысу өтінішін \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ дейін

[kabinet\\_nvp@mail.ru](mailto:kabinet_nvp@mail.ru) электрондық поштасына жолдай аласыздар.

### **3. Облыстық көрме – сайысына қатысушылар:**

3.1 Облыстық көрме - сайысына қала, аудан мектептері (колледж) жанындағы әскери-патриоттық клуб мүшелері қатысады, 1 өкіл (жетекші) болуы қажет. Қатысушылар санына шектеу қойылмайды. Қатысушылардың жеке басын анықтайтын құжаты, оқу орнынан анықтама болуы тиіс (директордың қолы, мөрі).

3.2 Көрмеге қойылған қозғалмалы экспонаттың қосылу, өшіру ережелері көрсетілген қосымша нұсқаулығы болуы тиіс.

Экспонаттардың алар орындары өрт қауіпсіздігі ережелеріне сай өз көлемдеріне шақ болуы шарт. Тоққа қосылған, байланған түйіншектер сенімді қоршалған және ескертпе белгілерімен қамтылған болу керек. Барлық электрлік экспонаттарға өз атауларына лайықты номиналды сақтандырғыштарын орнату керек.

### **4. Облыстық көрме - сайысының бағдарламасы:**

Облыстық көрме – сайысына төмендегі аталымдар бойынша қатысуға болады:

#### **1. «Менің әскери роботым» аталымы:**

Бұл аталым бойынша қозғалмалы модельдер нысанындағы роботтар-ұрыс жағдайында адам өмірін сақтау немесе адамның мүмкіндігіне сәйкес келмейтін жағдайларда жұмыс жасау үшін адамды ауыстыратын, әскери мақсаттарда: барлау, жауынгерлік іс-қимыл, жарылғыш (радиоактивті) заттарды залаласыздандыруды жүзеге асыратын роботтехникалар қатысады. Роботтың конструкциясында пластмасса, ағаш, картон, металл т.б. заттар қолданылуы, өлшемі шектеусіз, басқарумен немесе басқарусыз болуы мүмкін.

#### **2. «Әскери мақсаттағы макеттер» аталымы**

Бұл аталымда әскери техникалар, қару-жарақтар, кемелер, ұшақтардың, әскери экипировкалары және осы мақсатта қолданылатын спорттық жабдықтар қалыптары (макет), танктер, зеңбіректер, бронетранспортерлер үлгілері, әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары эксперименталды модельдері) қатынастырылады.

#### **3. «Біздің клуб» аталымы**

Бұл аталымда клубтың жұмысы туралы қабырға стенділері, әскери-патриоттық клубтардың әскери-дайындықтың әртүрлі тренажерлық таныстырылымы және ізденіс топтарының соғыс болған жерлерден тапқан экспонаттарын көрсетуге болады.

## **5. Облыстық көрме – сайысының жұмыстарын бағалау критерийлері:**

- Берілген бөлімге және тақырыпқа сәйкестігі;
- Идеяның жаңашылдығы, жұмыста рационализаторлық аспектінің болуы;
- Жұмыстың техникалық маңыздылығы және жобаның қолданылуы;
- Берілген ғылыми әлеуеттің деңгейі;
- Оқушының жобаны қорғауы;
- Автордың жұмыс зерттемесіндегі дербестігінің деңгейі.

## **6. Жеңімпаздарды марапаттау:**

Сайыс қорытындысымен әр аталым бойынша жүлделі орындар арнайы дипломдармен марапатталады. Сондай-ақ, қала, аудан, колледждер командалық есепте жүлделерге ие болады. Үздік жұмыстар қазылар алқасының шешімімен республикалық сайысқа жолдама алады.

## **7. Қаржыландыру:**

Қатысушылардың шығыны (жолы, тамағы, жататын орны) жіберуші мекеме есебінен. Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

**Ұйымдастыру алқасы**  
**Тел: 27 24 09**

**Әскери-патриоттық клубтардың облыстық көрме –сайысына қатысуға  
ӨТІНІШ**


№ р/р	Аты, жөні, тегі	Қала, аудан (мектеп)	Туған күні, айы, жылы	Жұмыстың атауы	Авторы	Жетекшісі	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқандағы қолы
1								

Мекеме басшысы \_\_\_\_\_ А.Ж.Т

(қолы, мөрі)

**Әскери-патриоттық клубтардың облыстық көрме –сайысына  
қатысушының**

**ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



**Спорт түрі** \_\_\_\_\_

*(Мектептің, колледждің мөрі бұрышына басылады)*

М.О. мектеп, колледж

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Спорт разряды \_\_\_\_\_

Оқу орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры (колледж) \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. қолы)

